


Бекітемін 
Мектеп меңгерушісі
Ж.С. Шалабаева
«24» «08» 2022ж

**«Миғы бастауыш білім беретін мектебі» КММ
2 сынып Ата аналарымен жылдық жұмыс жоспары
2022-2023 оқу жылы**

Мақсаты:

Ата-аналардың педагогикалық сауатын көтеру. Ата-аналар комитетінің жұмысымен байланысты арттыру.

Ата-аналармен жеке жұмыс жүргізу.

Ата-аналарды оқушылардың оқу-тәрбие үрдісінің нәтижелерімен, барысымен жүйелі таныстыру.

Мұндай маңызды істерді жүзеге асыруда тәрбиеші тәрбие жұмысының мақсатын, міндеттерін, мектептің ерекшелігін, ата-аналар құрамын, ата-ана мен тәрбиешінің қарым-қатынасының негізгі ұстанымдарын ескеріп есепке алады.

Отбасы туралы әлеуметтік педагогтің пікірі.

Отбасының төрт түрі:

1. Адамгершілік қатынастары жоғары отбасы. Балалардың өз икемділіктерін жүзеге асыруға толық мүмкіндіктері бар. Тәрбиешінің көп араласуын қажет етпейді, дегенмен нақты бір кезеңде тәрбиелеу ерекшеліктеріне байланысты ұсыныстар мен кеңестер артық болмайды. Психолог кеңес береді.
2. Ата-аналарының қарым-қатынасы жақсы, дегенмен тәрбиелеудің дұрыс бағыттарын ұстанбайтын отбасылар. Балалар ата-аналарының «ерекше» қамқорлығында болуы мүмкін, осыған байланысты менмендік, өзімшілдік ойы басым дамиды. Бұл педагогтің көңіл бөлуін сөзсіз талап етеді. Психолог, тифлопедагогтің кеңесіне жүгінеді.
3. Дау-жанжалды отбасылар. Мұндай жағдайда ата-аналардың баламен ісі жоқ. Олар өзара қарым-қатынастарын шеше алмайды. Ешқандай парасатты тәрбие туралы сөз болуы да мүмкін емес. Мұндай жағдайда мамандардың ақыл-кеңесі қажет және үнемі қадағалауы тиіс.
4. Ұрпақтар арасындағы сезімталдық, көңіл-күй байланысы жиі бұзылып тұратын отбасылар. Ата-анасы жоқ, анасы, әкесі жоқ балалар, ата, әжесі, аға, апа қамқорлығындағы балалар бар. Мұндай отбасыларымен психологиялық, педагогикалық тәрбие жұмыстары үнемі жүргізіліп отырады.

Жанұяның негізгі міндеттері:

Баланың үздіксіз дамуын қадағалау. Бала денсаулығына қамқорлық жасау. Еңбек тәрбиесі мен мамандық таңдауға және баланың жан-жақты дамуына көмектесу. Баланың қызығушылығын, бейімділігін, шығармашылығын дамыту. Баланы өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі дамытуға сонымен қатар болашақ өмірге дайындау.

Ата-ананың бала алдындағы парызы.

Адамның жеке қалыптасуы отбасынан басталады. Оның ер жетіп өсуі, бойындағы адамгершілік белгілері отбасында қалыптасады, сондықтан да туған үйдің жылуы өзегінде көп жылдар бойы сақталып есінде жүреді.

Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Отбасының басты қазығы, алтын тіреу діңгегі – бала.

Отбасының адамзат ұрпағына деген ықпалы мен әсер күшін өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайды.

Отбасы – шағын мемлекет, қоғамның негізі болып табылады. Қоғамды құратын азамат атаулы отбасында өсіп өрбиді, тұлға болып қалыптасады.

Ата-аналармен мектеп ұжымының бірлескен жұмысын ұйымдастыру жолдары.

Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру міндеттері:

- ата-аналарды балаларының оқу еңбегінің нәтижелері туралы хабардар етіп отыру;
- ата-аналарды балаларының оқуына көмекті дұрыс ұйымдастыруға үйрету;
- топ ұжымымен қызықты іс-шараларды ұйымдастыруға ата-аналарды қатыстыру;
- ата-аналармен тақырыптық жиналыстар оздыру;
- мектептегі ашық есік күндеріне шақырып, қатыстыру;

- ата-аналармен жеке жұмыс жүргізу;

Ата-аналармен жұмыс.

- оқу тәрбие процесі, санитарлық-гигиеналық талаптарын орындау,
- оқушының іскерлігін, шығармашылық қабілеттерін және білім сапасын арттыруға жаңа оқу жылындағы мақсаты мен міндеттерімен танысу, ұсыныстар енгізу;
- басқару және ұйымдастыру жұмыстарының өтуіне ата-ананың ұсыныстары;

Ата-аналармен бірлесіп жасалатын жұмыс жоспары

Мерзімдері	Ата-аналарды педагогикалық ағартудың тақырыптары	Жанұялармен жүргізілген жеке-дара жұмыс
Қыркүйек	1.Өткен оқу жылына талдау, жаңа оқу жылының мақсаты мен міндеттері. 2.«Отбасының бала тәрбиесіндегі ролі» баяндама 3. «Қауіпсіз мектеп!», Жолда жүру қауіпсіздігі. 4. «Интернеттің жағымсыз әсеріне тосқауыл қою»	хаттама
Қазан	1. «Мен және менің отбасым»	Сұхбат-пікірлесу. Баяндама
Қараша	Тақырыбы: «Ата-ананың құқықтық сауаттылығы» Күн тәртібінде: 1.Тренинг «Құқықтық тәрбие қалыптастыруда ата-ананың ролі» 2. II тоқсан қорытындысы. 4. Әр түрлі мәселелер	хаттама Сауалнама, пікірлесу.
Желтоқсан	«Мен баламды қаншалықты білемін?» сауалнама	сауалнама
Қаңтар	Күн тәртібінде: 1. Баяндама «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың ролі және мектеппен байланысы » 2. III тоқсан қорытындысы. 4. Әр түрлі мәселелер	Сұхбат-пікірлесу. Кеңес беру.

Ақпан	«Тәрбие басы- отбасы» дөңгелек үстел	дөңгелек үстел
Наурыз	«Құқықтық тәрбие» «Мен баламды қаншалықты білемін?»	Баяндама сауалнама
Мамыр	Күн тәртібінде: 1. Баяндама «Ата-аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігі туралы» 2. 4 тоқсан қорытындысы. 4. Әр түрлі мәселелер	хаттама.